



«КМФ Банк» АҚ
Бас кеңсе, 050004
Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Назарбаев даңғ., 50
тел.: +7 (727) 331 74 74
e-mail: info@kmf.kz
веб сайт: kmf.kz

АО «КМФ Банк»
Головной офис, 050004
Республика Казахстан,
г. Алматы, пр. Назарбаева, 50
тел.: +7 (727) 331 74 74
e-mail: info@kmf.kz
веб сайт: kmf.kz

КМФ Isker Hanymy байқауы туралы

ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «КМФ Isker Hanymy» байқауы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) кәсіпкер әйелдерді қолдауға бағытталған байқаудың мақсаттарын, қатысу шарттарын, оны ұйымдастыру, өткізу және қорытындылау тәртібін айқындайды.

1.2. Байқауды ұйымдастырушылар:

- «КМФ Банк» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Банк);
- «КМФ-Демеу» корпоративтік қоры (бұдан әрі – Қор).

Банк және Қор бірге «Ұйымдастырушылар» деп аталады.

1.3. Байқау бизнесті дамытуға қайтарымсыз грант бөлу арқылы өз ісін өркендетудің ең үздік бизнес-жоспарын көрсеткен Банк клиенті болып табылатын кәсіпкерлер әйелдерді қолдауға бағытталған.

1.4. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін мыналар құрылады:

- Жұмыс тобы – өтінімдерді алдын ала тексеріп, алдын ала іріктейді;
- Комиссия (қазылар алқасы) – бизнес-жоспарларды бағалайды және жеңімпаздарды анықтайды.

Жұмыс тобы мен Комиссияның (қазылар алқасының) дербес құрамы Банк Басқармасы Төрағасының Өкімімен бекітіледі.

1.5. Байқауға қатысу - ерікті әрі тегін.

1.6. Байқауға қатысуға өтінім беру қатысушының осы Ереже шарттарымен толық әрі сөзсіз келісетінін, сондай-ақ Байқауды өткізу мақсатында өзінің дербес деректерін өңдеуге және беруге келісім беретінін білдіреді.

1.7. Осы Ереже Қордың ресми сайтында (demeu4business.kz оқыту порталы) жарияланады.

2. ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

2.1. Бір мезгілде төмендегі критерийлерге¹ сәйкес келетін жеке тұлғалар – Банк клиенттері Бағдарламаның қатысушысы бола алады:

- жынысы – әйел;
- жасы – 35 (отыз бес) жастан 68 (алпыс сегіз) жасқа дейін (қоса алғанда);
- Банктің жаңа немесе қайта жүгінген клиенті;

¹ Банк өз қалауы бойынша Банктің сайтында тиісті хабарлама беру арқылы клиенттерді іріктеу критерийлерін біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

- негізгі табыс көзі – агро, бизнес (соның ішінде қызмет көрсету саласы); табыс көзі «жалақы» деп көрсетілген клиенттер Байқауға қатыстырылмайды;
- Банкте 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап рәсімделген (онлайн немесе бөлімшеде) белсенді кредиттің болуы;
- Қордың оқыту порталындағы (demeu4business.kz) барлық 9 (тоғыз) бейнесабакты қарап шығу;
- қорытынды тестілеуден өту (9 сұрақ, 9 сұрақтың кемінде 6-уына дұрыс жауап беру);
- оқыту порталы арқылы бизнес-жоспарды толық көлемде толтыру және жолдау.

2.2. Кредитті мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, егер ол белгіленген мерзімде (3.1-тармақ) рәсімделген болса, клиенттің Байқауға қатысу құқығы сақталады.

2.3. Әрбір қатысушы Байқау өткізілетін бүкіл кезең ішінде тек бір ғана өтінім беруге құқылы.

2.4. Бағдарлама жеңімпазы Бағдарламаның келесі легіне қайта қатыса алмайды.

2.5. Байқауға мына тұлғалар қатыстырылмайды:

- Ұйымдастырушылармен аффилирленген тұлғалар (Банктің және Қордың қызметкерлері және олардың отбасы мүшелері);
- өтінімде көрінеу жалған мәліметтер ұсынған тұлғалар.

2.6. Қатысушы өтінімде көрсетілген мәліметтердің шынайылығы үшін толық жауапты болады. Жалған мәліметтер анықталған жағдайда, Ұйымдастырушы өтінімді кез келген кезеңде Байқаудан алып тастауға құқылы.

3. ӨТКІЗУ МЕРЗІМДЕРІ МЕН ТӘРТІБІ

3.1. Байқау 2026 жылғы 01 қыркүйектен бастап 2027 жылғы 28 ақпан аралығында (6 ай) екі лекпен өткізіледі.

- 1-лек: өтінімдерді қабылдау – 2026 жылғы қыркүйек – қараша; қорытындылау – 2026 жылғы 18 желтоқсанға дейін; қаржыландыру көзі – Банк (20 000 000 теңге);
- 2-лек: өтінімдерді қабылдау – 2026 жылғы желтоқсан – 2027 жылғы ақпан; қорытындылау – 2027 жылғы 18 наурызға дейін; қаржыландыру көзі – Қор (20 000 000 теңге).

3.2. Әрбір лекті өткізу кезеңдері:

1-кезең. Өтінім беру.

Қатысушы Банкте кредит рәсімдейді, 9 бейнесабакты қарап шығады, қорытынды тестіні тапсырады (9 сұрақтың кемінде 6-уына дұрыс жауап береді) және Қордың оқыту порталы арқылы бизнес-жоспарын жолдайды.

2-кезең. Алдын ала іріктеу (Жұмыс тобы).

Жұмыс тобы келіп түскен барлық өтінімді оқыту порталынан Excel форматында жүктеп алады, әрбір өтінімнің 3.1-тармақтың критерийлеріне сәйкестігін тексереді, талаптарға сәйкес келмейтіндерін қабылдамайды және ең үздік 15–20 бизнес-жоспардан қысқа тізім қалыптастырады. Қысқа тізім Комиссияға (қазылар алқасына) электрондық пошта арқылы жіберіледі.

3-кезең. Комиссияның (қазылар алқасының) бағалауы.

Комиссия (қазылар алқасы) қысқа тізімдегі бизнес-жоспарларды бағалайды. Комиссияның әрбір мүшесі осы Ереженің 5-тармағының критерийлері бойынша өзі балл қояды. Балдарды Банктің уәкілетті қызметкері қосады.

4-кезең. Нәтижелерді жариялау.

Нәтижесі мына мерзімде жарияланады: 1-лек – 2026 жылғы 19 желтоқсаннан кешіктірмей; 2-лек – 2027 жылғы 19 наурыздан кешіктірмей. Жеңімпаздар Банктің мобильді

қосымшасы (Onbank ҚБҚК) арқылы және телефонмен хабардар етіледі, сондай-ақ бөлімшеге шақырылады.

5-кезең. Тапсыру және төлеу.

Жеңімпаз Грант беру туралы шартқа (үшжақты: Банк, Қор, Қабылдаушы) және Қабылдау-өткізу актісіне қол қояды. Атаулы сертификат салтанатты түрде табысталады. Жеңімпаздың ағымдағы шотына грант төлеу Шарт пен Актіге қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

3.3. 4.2-тармақта көрсетілген кезеңдерді өткізу мерзімдері жоспарлы болып табылады. Банк қатысушыларды жоспарланған күнге дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын Банктің ресми сайты (kmf.kz) немесе мобильді қосымша арқылы хабардар ете отырып, кез келген кезеңнің мерзімдерін ауыстыруға құқылы.

3.4. Банк техникалық және/немесе өзге себептер бойынша Бағдарламаның басталу мерзімдерін, өтінімдерді қарау және грант төлеу мерзімдерін ауыстыруға құқылы. Қатысушылар осы Ереженің 4.3-тармағында көзделген тәртіппен хабарланады.

3.5. Байқау Банк Басқармасы Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарының шешімі негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылуы немесе ұзартылуы мүмкін. Келіп түскен өтінімдер санының жеткіліксіз болуы, форс-мажорлық жағдайлар, техникалық немесе өзге де маңызды себептер бұған негіз бола алады.

3.6. Өтінімдер Қордың оқыту порталында мына мекенжай бойынша беріледі: demeu4business.kz.

4. БИЗНЕС-ЖОСПАРЛАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

4.1. Комиссия (қазылар алқасы) қысқа тізімдегі бизнес-жоспарларды мынадай критерийлер бойынша бағалайды:

- бизнес-жоспардың шынайылығы;
- сұратылған сома мен қаражатты жұмсау бағыттарының негізділігі;
- бизнестің өсу әлеуеті;
- әлеуметтік тиімділігі (жұмыс орындарын құру, ауылдық жерлерді дамыту);
- өтінімнің толық әрі сапалы толтырылуы.

4.2. Комиссияның (қазылар алқасының) шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда, Комиссия Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

4.3. Шешім хаттамамен рәсімделеді, онда әрбір жеңімпаздың аты-жөні, ЖСН, грант сомасы және қысқаша негіздемесі көрсетіледі. Хаттамаға Комиссияға қатысып отырған барлық мүше қол қояды.

4.4. Комиссия (қазылар алқасы) қосымша бағалау критерийлерін енгізуге құқылы.

5. ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ТЕСТІЛЕУ

5.1. Оқыту Қордың порталында (demeu4business.kz) Еуропа қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ) қолдауымен «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы шеңберінде өткізіледі.

5.2. Оқыту бағдарламасы қазақ және орыс тілдеріндегі 9 (тоғыз) бейнесабактан тұрады. Әрбір сабақтың тақырыбы гранттық өтінімнің тиісті бөліміне сәйкес келеді.

5.3. Бейнесабактар бірінен кейін бірі ретімен ашылады. Барлық 9 сабақты қарап шығу – қорытынды тестілеуге жіберілудің міндетті шарты болып табылады.

5.4. Оқу нәтижелері автоматты түрде сақталады. Қатысушы оқуды кез келген уақытта тоқтата тұруға және жүйеге келесі жолы кіргенде сақталған жерінен жалғастыруға құқылы.

5.5. Қорытынды тестілеудің параметрлері:

- сұрақ саны – 9 (тоғыз);
- өту балы – 9 сұрақтың кемінде 6-уына (алтауына) дұрыс жауап беру;

- өту уақыты – 30 (отыз) минут;
- әрекеттер саны – шектелмеген;
- әрекет аяқталғаннан кейін дұрыс жауаптар көрсетілмейді.

5.6. Оқудан және қорытынды тестілеуден өтпеген жағдайда, өтінім қарауға қабылданбайды.

6. ГРАНТ

6.1. Грант – Байқау жеңімпазына конкурстық іріктеу қорытындысы бойынша бизнесті дамытуға берілетін қайтарымсыз және өтеусіз ақшалай төлем.

6.2. Грант көлемі – бір жеңімпазға 2 000 000 (екі миллион) теңге. Грант төлеуге байланысты туындайтын салық міндеттемелерін Ұйымдастырушылар өз қаражаты есебінен орындайды. Грант сомасы жеңімпазға ешқандай ұсталымсыз, толығымен төленеді.

6.3. Жеңімпаздар саны – әрбір лек бойынша 10 (он) адам, Байқау бойынша 20 (жиырма) адам.

6.4. Байқаудың жалпы қоры осы Ереженің 4.1-тармағында сипатталған.

6.5. Гранттың мақсаты – жеңімпаздың бизнесін дамыту. Қаражатты жұмсаудың рұқсат етілген және рұқсат етілмеген бағыттарының тізбесі Грант беру туралы шартта айқындалады.

6.6. Грантты өзге сыйақы түріне айырбастауға болмайды.

6.7. Банк гранттың мақсатты пайдаланылуына мониторинг жүргізеді: аралық есеп – грант алған күннен бастап 3 (үш) айдан кейін, қорытынды есеп – 9 (тоғыз) айдан кейін ұсынылады.

6.8. Осы Ереженің 4.2-тармағында (5-кезең) көрсетілген грантты аудару мерзімдерін Банк техникалық, операциялық немесе өзге де себептерге байланысты ауыстыруы мүмкін. Мерзімдердің ауыстырылғаны туралы жеңімпаз 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

7. ЖҰМЫС ТОБЫ

7.1. Жұмыс тобы өтінімдерді алдын ала тексеруді және алдын ала іріктеуді жүзеге асырады.

7.2. Жұмыс тобының құрамына Банктің, Қордың, Франкфурт қаржы және менеджмент мектебінің (ЕКДБ-ның «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы) өкілдері кіреді. Дербес құрамы Банк өкімімен бекітіледі.

7.3. Жұмыс тобының функциялары:

- өтінімдерді оқыту порталынан Excel форматында жүктеп алу;
- әрбір өтінімнің осы Ереженің 3.1-тармағының критерийлеріне сәйкестігін тексеру;
- талаптарға сәйкес келмейтін өтінімдерді себебін көрсете отырып қабылдамау;
- тексеруден өткен өтінімдер арасындағы бизнес-жоспарлардың сапасын қолмен бағалау;
- ең үздік 15–20 бизнес-жоспардан қысқа тізім қалыптастыру;
- қысқа тізімді Комиссияға (қазылар алқасына) электрондық пошта арқылы беру;
- барлық өтінімдердің толық тізілімін сақтау.

8. КОМИССИЯ (ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ)

8.1. Комиссия (қазылар алқасы) жеңімпаздарды Жұмыс тобы дайындаған қысқа тізімнен түпкілікті іріктеп алады.

8.2. Комиссия (қазылар алқасы) құрамына Банктің, Қордың, Франкфурт қаржы және менеджмент мектебінің өкілдері кіреді. Дербес құрамы Өкімде бекітіледі.

8.3. Комиссияның (қазылар алқасының) функциялары:

- қысқа тізімдегі бизнес-жоспарларды осы Ереженің 5-тармағының критерийлері бойынша зерделеу және бағалау;
- әрбір өтінімнің әрбір критерийі бойынша балл қою;
- балдарды қосу қорытындысы бойынша жеңімпаздарды анықтау;
- іріктеу нәтижелері көрсетілген хаттамаға қол қою.

8.4. Комиссия (қазылар алқасы) отырысына Комиссияның бес мүшесінің кемінде үшеуі қатысқан жағдайда, оның құқықтық күші бар деп танылады. Шешім жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда, Комиссия Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

8.5. Бағалау нәтижелерін жинақтауды Банктің уәкілетті қызметкері жүзеге асырады.

8.6. Комиссия (қазылар алқасы) мүшесі уақытша болмаған жағдайда (науқастану, іссапар, өзге де себептер), оның орнын Банк Басқармасы Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарының Өкімімен тағайындалған тұлға басады. Оның орнын басатын тұлға Комиссия мүшесінің барлық құқықтары мен міндеттерін иеленеді.

8.7. Комиссия Төрағасы уақытша болмаған жағдайда, оның функцияларын Банк Басқармасы Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарының тағайындауы бойынша Комиссия мүшелерінің бірі атқарады.

9. ТАПСЫРУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ

9.1. Әрбір лектің қорытындысы бойынша Комиссияның (қазылар алқасының) хаттамасы негізінде 10 (он) жеңімпаз анықталады.

9.2. Жеңімпаз 2 000 000 (екі миллион) теңгені құрайтын атаулы сертификат және Банктегі ағымдағы шотына грант алады.

9.3. Грантты алу үшін жеңімпаз Банк бөлімшесінде Грант беру туралы шартқа (үшжақты: Банк, Қор, Қабылдаушы) және Қабылдау-өткізу актісіне қол қояды.

9.4. Грант Шарт пен Актіге қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төленеді. Банк жеңімпаздарды 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабардар ете отырып, техникалық, операциялық немесе өзге де себептер бойынша төлем мерзімдерін ауыстыруға құқылы.

9.5. Жеңімпаз грантты белгіленген мақсатқа пайдалануға міндетті.

9.6. Бағдарлама қорытындысы бойынша апелляциялар қабылданбайды. Комиссияның (қазылар алқасының) шешімі шешуші болып саналады.

10. ҚОСЫМША ШАРТТАР

10.1. Осы Ереже оны бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

10.2. Ережеге өзгерістер Банк Басқармасы Төрағасының немесе Банк Басқармасы Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарының Өкімімен енгізіледі.

10.3. Банк үшінші тұлғалардың (байланыс операторларының, интернет-провайдерлердің, пошта қызметтерінің) Байқауға қатысу мүмкіндігіне әсер етуі ықтимал іс-әрекеттері үшін жауапты болмайды.

10.4. Байланыс мәліметтері: Банктің ресми сайты – kmf.kz; Қордың оқыту порталы – demeu4business.kz; Банктің байланыс орталығы: +7 (727) 331 74 74.

10.5. Осы Ережеде реттелмеген мәселелерді Комиссия (қазылар алқасы) немесе Банк Басқармасы Төрағасының жетекшілік ететін орынбасары шешеді.